Тақырыбы: **Ұлттық ойын – «Бес асық»**

Мақсаты:

1. Асық ойыны туралы түсініктерін кеңейту. Ойынды ережеге сай ойнату.
2. Оқушылардың ой-өрісін, ептілік, мергендік, шапшаңдық қасиеттерін дамыту
3. Оқушыларды ұлттық ойындарға қызықтыра отырып, ұлттық ойынға деген құрметке тәрбиелеу.

Құрал-жабдықтар: асық, ұлттық нақыштағы кілем төселген ойын алаңы, слайд

Іс-шараның барысы:

Ұлттық ойын, салт-ғұрыпқа бай халқымыздың көнеден келе жатқан дәстүрінің бірі-асық ойыны. **Асық ойыны** – қазақ халқының ежелгі өте кең тараған ұлттық ойын түрлерінің бірі. Оны көшпелі этномәдени өмір тудырған төлтума өнер деп танимыз. Ойынның басты объектісі де, құралы да – асық. Аталмыш ойын әсіресе балалар арасында кең тараған. Оларды ептілікке, мергендікке, ұқыптылыққа, сергектікке баулитын тәрбиенің көзі. Тіліміздегі *асығы алшысынан түсті.., бүге-шігесіне дейін анықтау...* т.б. тіркестер тегін айтылмаса керек. Сондай-ақ қазақтар жақсы көрген жасты: *алтын асықтай* немесе *киіктің асығындай шымыр* деп атайтын үрдіс бар. Мұндай тіркестер асықтың айырықша мәніне қатысты қалыптасқаны анық.

Асықтың түрлері:

Асық – төрт түлік мал мен қоңыр аңның санының орта тұсында орналасқан асық жіліктен алынады. Оның түрлері көп. Атап айтқанда:
Сақа – асықтың үлкен әрі шымыр түрі. Бұл асық жеткен еркек қойдан (серкеден) немесе қошқар-текеден
алынады.
Кеней – көпшілік ойнауға арналған қарапайым
асықтар.
Шүкейт - жас малдың асығы.
Қойлық – қойдың асығы.
Ешкімек – ешкінің асығы.
Құлжа – құлжаның асығы.
Көктабан – қорғасын құйылған салмақты сақа асық.
Топай – сиырдың асығы.
Жабай – ірі асықты айтады.
Қолқар – арқардың асығы